

# Адамдарға қамкорлық сезіледі

Халық денсаулығының жай-күйі кез келген мемлекеттің ез азаматтарының алдындағы жауапкершілік дәрежесін айқындайтын әлеуметтік кепілдіктерінің көрсеткіші болып табылады.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында «алдымен экономика, сосын саясат» қағидасын ұстанған мемлекеттің бүкіл адамзатқа сын болған коронавирус пандемиясы кезінде ел денсаулығын бірінші орынға шығарды. Мұндай әрекетке тек гуманизмді мұрат тұтқан мемлекеттерға барса керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі коронавирус жағдайына байланысты енгізілген карантин шараларына қатысты мәлімдемесінде «Қазіргідей курделі кездे әрбір азамат біздін назарымызда болады. Мемлекет ешкімді қындықта қалдырмайды» деп биліктің позициясын одан әрі нақтылады. Карантин жарияланған кезеңден бастап 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетіліп, 570 мыңдан астам адамға азық-түлік таратылуы, коммуналдық төлемдерді, несиені төлеу бойынша арналы шаралар қабылдануы Қазақстан Республикасы үшін әрбір адамның тағдыры, денсаулығы бірінші орында тұрақтындығын көрсетті.

Президенттің «Елімізді пандемияның шеңберінен құтқару – бәрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештене жоқ» деген сезінен әрбір қазақстандыққа деген қамкорлық пен жауапкершіліктің мемлекеттің үшін ешуакытта да күн тәртібінен түспейтіндігін сеземіз. Бұл біз үшін ете маңызды.

Президент «Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ екендігін» атап әтті. Қазіргі таңдағы азық-түліктің жеткілікті болуы, яғни нарықтың сапалы азық-түлікпен толықтырылуы, экономикалық қолжетімділік, яғни халықтың сатып алу мүмкіндігінің ескерілуі – азық-түлік мәселеін табысты шешудегі еліміздің жерсіндерінің бірі, елдің әлеуметтік-з-



кономикалық турақтылығын қамтамасыз етуін негізгі бағыты.

Сонымен катараптар Қасым-Жомарт Кемелулы мемлекеттің қалықтарын қоғамдастықтан ешнәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отырғаны да атап әтті. Расында да, реңи билік тараپынан шынайы ақпараттар халыққа дер кезінде ұсынылуда. Дегенмен, карантин жағдайындағы халықтың эмоциялық жай-күйіне айла-шарғы жасап отырған түрлі бағыттарға топтар мен мұдделердің конгломераты да байқалып калады. Оларды қазіргі таңда біріктіріп отырған мәселе – билікті сынау және саяси жаңғыру жолындағы реформаларды жоққа шығару. Сондықтан Президент бос сөз берілгенде ақпараттарға жол бермеуге шакырып отыр.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та осына сын сағатта Мемлекет басшысына қолдау танытуға, Қазақстан қоғамын эволюциялық даму жолына тусуге шакырды. «Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана үлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабак ала білмесек, тағы да тарихтың темір қапанына тусеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс» деді Елбасы.

Жер бетіне коронавирус індегі тараган бүтінгі сын сағатта Қазақстан халықтың бірлігі шешуші рөл ойнайды деген сезімдеміз. Барлық тарихи сын

жағдайларда, Отанымызға төнген қауіп жағдайларында біз біріге білген елміз, халықты жарқын болашаққа бастайтын ерен азаматтарға қолдау танытып, солардың төңірегіне топтаса білген елміз. Қазіргі жағдай осындай үйымшылдықты талаң етеді. Сондықтан да Қазақстан халықтың бірлігіне төнген қатерлерге қарсы туру – мемлекеттік маңызы бар іс.

Президенттің мәлімдемесін қолдай отырып, М.Әуезов атындағы ОКМУ үжымы төтенше жағдай кезінде азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетті, медициналық беттердeler мен антисептиктерді университет жаңындағы шеберханалар мен зертханаларда даярлап, мұқтаж жандарға таратты. Университеттің іздін ерікті жастары төтенше жағдай басталған күннен қала аумағындағы індегі бәсендегі арналған іс-шараларда белсенділік танытып жүр. Жатақханада қашықтан оқып жатқан штетелдік білім алушылар барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда халыққа ең маңыздысы – дұрыс ақпарат жеткізу, көпшілікті жалған ақпараттардан, теріс пікірлерден сактандыру. Бұл бағытта да университет ғалымдары БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде қашықтан оқытудың, онлайн, оффлайн сабактардың ерекшеліктері туралы, интернеттегі платформаларды қолданудың әдіснамалары туралы өз ой-пікірлерін жиғортаға салуда.

Біз «Nur Otan» партиясының белсенді мүшелері ретінде азық-түлік дүкендерінде халыққа қолжетімді бағалардың сақталуы мен қала аумағындағы санитарлық тазалау жұмыстарының сапалы орындалуы, блок-бекеттердегі қатаң карантиндік шаралардың тәртіпке сай болуын қадағалауға атсалысадымыз.

Кез келген қындықты бірліктің арқасында ғана еңсереттініміз ақиқат. Ел Президенттің мәлімдемесін қолдай отырып, барша қазақстандықтарды карантин ережелерін қатаң сақтауга шакырамыз.

**Дария КОЖАМЖАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОКМУ-дың ректоры**